



Жамбыл облысы.

Т. Рысқұлов ауданы.

Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебі
«Бүкіл елді Болашақтың көлігімен аралау»

«Туған жер – алтын бесік» эссе

Ибаділда Аяулым Мақсатқызы

11 сынып оқушысы. 08.05.1999ж

Жетекшісі: Күзенбердиева Райхан Ноғаевна

Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің бейнелеу өнері пәні мұғалімі

Менің кіндік қаным тамған жер, туған ауылым туралы айтқым келеді. Есімім – **Ибаділда Аяулым Мақсатқызы**, 11 - сынып оқушысымын. Жамбыл облысы, Т. Рысқұлов ауданы, Алғабас ауылында дүниеге келдім. Кішкентай кезімнен осы ауылымның таза ауасымен, хош иісі аңқыған гүлдердің иісімен, ауылымның ыстық түтінімен демалып келемін. Әр адамның өз ортасы, өз ауылы ыстық қой?! Балалығымның он жеті жылын сол өңірде өткіздім. Осы жерде мен мектеп табалдырығын аттадым. Достарымның барлығы дерлік осы жерде. Ата-анам осы елге сіңісіп, еңбек етті, перзент сүйіп, қызыққа бөленді, өздеріне көп дос-жарандар тапты. Содан болар, қысы жұмсақ, жазы жайлы, айдын шалқар көлі жарқыраған осы бір кішкене ауылдың әр тасы маған өте ыстық. Кейде бос уақытымда саябаққа барып, кітапханадан алған кітаптарымды оқып отырамын. Жаз кезінде жазғы демалыс алдында апайымыз Бердімбетова Гауһармен саяхаттап табиғатқа шығамыз. Түрлі ойындар ойнап, табиғатты бірге тамашалаймыз. Менің ауылымда достарым да көп. Олармен татумын. Ауылымның кешкі табиғаты мүлдем өзгеше. Алыстан шаңдарын көтеріп малдар өрістен келеді. Барлығы төлдеріне сүттерін толтырып ала келеді. Өзге ауылға қыдырып бара қалсам, туған ауылымды сағынамын. Тез елге қайтқанша асығамын.

Қазақ халқының ұғымында туған жерден қасиетті еш нәрсе жоқ. Кез-келген адам баласы ешқашан кіндік қаны тамғанжерін ұмытпақ емес. Қайда жүрсе де, жүрегі «туған жер» деп соғары сөзсіз. Қандай заман

болмасын адам баласы, өзінің шыққан жерін, туған елін естен шығармай, оның қадір-қасиетін түсіне білуі тиіс. Өйткені ол - атадан балаға мирас болған құт мекен.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін әділеттілік орнап, жер мен судың ежелгі аттары, бұрынғы тарихи көне атауларына қайтарыла бастады. Соның айғағындай, Жамбыл қаласының бұрынғы тарихи көне атауы қайтарылып, “Тараз” болып өзгертілді. Луговое өзінің бұрынғы атауы «Құллан» болып өзгертілді. Құллан талай-талай тарихи тұлғалар мен атақты адамдар, дана дарабоздар мен таланттар шыққан жер. Ол менің кішкентай Отаным.

Өйткені, олар кең даланың ауасын, сарқыраған суларын сағынады. Қыс өте, жайдары көктеммен келген жұпар ауасын, бусанған жер иісін, көгалын сағынады. Асық атып, балық аулаған, топырағына аунап, күн көзіне қақталған, асыр салып ойнаған, бірге жүрген достарын сағынады. Жалпы, туған жерге деген адам баласының сағынышы шексіз, атамекенін аңсамайтын адам бұл өмірде жоқ шығар! Бойды сергітер таза ауасы мен мөп-мөлдір өзенін «жанға дауа, дертке дауа»- деп атам көп айтады. Мүмкін мендегі өлеңге деген құштарлықты осы тамаша табиғат оятқан болар. Маған нағашы ағаңа Абай рөлінде ойнаған **әртіс Толғанбай Жалғасқа** тартқансың деп айтады.

Туған жер—адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткен мен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтанда тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады.

Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат жер Алғабас ауылынан басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалалық шағым өтті. Үйдің маңындағы аулада ойнағаным әлі есімде.

Сен әрқашан өзің бармасаңда, ой мен қиялдап туған көшені, есіктің алдын, «Қызым, сабағыңды оқы...» деген ананың сөздерін еске түсіресің.

Жүректің әлсіз дүрсілі естіледі. Қазір бойжеттім, бірақ та өмір бойы мен үшін балалық шақтағы туған аула мен көше – менің кішкентай Отаным.

Сонымен бірге мен елімнің бір бөлшегімін, оның бүгіні мен болашағымын.

Биыл, міне, мектеп бітіріп, азамат болдым. Енді бірнеше жылдан соң жоғары білім алып, өз мамандығым бойынша жұмыс істемекпін. Міне, кешегі көбелек қуған қазақтың қара домалақ бүгін бой жетіпті.

Мен атам мен әжемнің қолында өскендіктен бе, әлде ... кім білсін?! Туған жер дегенде кешегі шал-кемпірлерім есіме түседі.

Туған жер қадірі дүниедегі ең ұлы деген нәрсемен пара-пар. Себебі, ол – менің әлпештеген анам, аялап өсірген әкем, туған-туысым, аға-әпкелерім, мені білім жолына жетелеген ұстаздарым, сол білімге ұмтылу жолындағы тай-құлындай тебіскен жора-жолдастарым дүниеге келген жер. Менің Туған

жерім, Отаным – кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат әрі киелі Құлан жері. Осы мекенде менің көңілді де шаттыққа толы, уайымсыз да бейкүнә балалық шағым өтті. Қызыққа толы балалық шағым өткен туған ауылдың ауласын еш уақытта ұмытпақ емеспін. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған күн... Сыныптас достарыммен алғашқы таныстық... Бәрі-бәрі қазіргідей көз алдымда. Осылайша мектеп табалдырығын аттаған күнімді көз алдыма әкелсем, бүгінгі білім ордасымен, сыныптас достарыммен қоштасар сәттің жақындағанына да сене алмай қаламын. Әредік орта мектепті бітіруге санаулы ғана күн қалғанын, сыныптас достарымызбен жан-жаққа, Қазақстанның түкпір-түкпіріне білім іздеп кете баратынымызды, балалықпен қоштасуым тиіс екенін ойласам бітті – жүрегім атша тулап, қобалжып қоя береді. Енді әне-міне дегенше сүрлеу-соқпағы көп өмірдің үлкен белесіне аттанбақпын. Мен – жас түлекпін алға ұмтылған. Жас түлек – болашақ үлкен мамандық иесі, өмір атты керуеннің бір жолаушысы. Қалаған мамандығымның соңына түсіп, өмір-керуен қайда жетелесе – сонда жол тартпақпын. **«Сен де бір кірпіш, дүниеге кетігін тап та бар қалан»** деп қазақтың дара тұлғалы ақыны Абай атам айтпақшы, өмірден өз орнын тапқан дұрыс қой. Дегенмен «туған ауылымды тастап кете барамын» деген ойдың өзі менің киелі, құт мекеніме деген сағынышымды қазірден арттыра түседі. Туып-өскен жерім туралы толғанып, ой жетегіне берілген шағымда үнемі Туған елге, Туған жерге, Туған тілге деген ыстық сезімнің үздік үлгісі мен үшін осындай болмақ. Отан туралы ой толғасаң, жан толғанысын айтып тауыса алмассың, сірә. Туған жеріне деген шексіз махаббатқа ие жүрегіммен өзімнің сыныптас достарыма алда тұрған үлкен сын – ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, өзі сүйген мамандықтың иесі болуын тілей отырып, Туған жердің – қазақ елінің қадірін біле жүрейік дегім келеді.

Жалпы туған жер туралы,оның қадір – қасиеті туралы айтып тауыса алмастай боласың. Шыр етіп дүниеге келген жер, кіндік қаным тамған жер әрқашанда қымбат әрі ыстық. Әркімнің өз туған жері бар. Менде өз туған жерімді жанымдай жақсы көремін. Оны ештеңеге де айырбастамас едім.

Туған жерімде мен дүниеге келдім, өсіп келем және білім алудамын.

Туған жерімде менің қымбатты ата – анам, бауырламын, туыстарым, достарым, ұстаздарым бар. Туған ел, жер жөнінде ақын–жазушылар ұлы шығармалар, ән–жыр жазған. Туған жердің табиғаты, тауы – тастары, өзен – көлі, халқы туралы мен де тамаша шығармалар жазғым келді. Және де жақсы оқып, терең білім алуым керек. Туған жерімнің өркендеуіне, гүлденуіне, жайнап–жаңаруына өз үлесімді қосамын деп ойлаймын. Және де өз еңбегімді сіңірсем деймін. Ол үшін де үлкен боп өсуім, күш–қайрат керек.

Бізді анамыздай асырап, әлпештеген туған жерді, елді сүю біздің–парызымыз. Біз, туған еліміздің–перзентіміз, сондықтан анамдай болған туған жерімді әрқашан мақтан етемін!

Рухани байлық табиғатқа деген сыйластықпен жасалмақ. Жас ұрпақтың бойына оны сіңіру, олардың қоршаған ортаға қарым-қатынасын, сол арқылы өмірге деген көзқарасын ояту, соған сай мінез-құлқын қалыптастыру – аға ұрпақтың міндеті. Қазақ халқы табиғат көріністеріне үлкен жауапкершілікпен қарауы, туған жер табиғатының бұрынғыдан да жайнап, гүлденуіне ықпал жасауды мақсат еткені. Бұл – табиғатты аялап сақтаудың да үлкен адамгершілік екендігін көрсеткен баба өсиеті. Көшпелі өмір, осылайша, қазақты табиғатпен етене байланыстырған. Өмір озған сайын адам табиғаттың тылсым күшіне, заңдылықтарына тереңдеп бойлаған.

Аудан көркі жыл санап артып келеді, ал оны одан әрі де ажарландыруда заманауи ғимараттар артықтық етпесі анық. Аудан орталығын аралау барысында аймақ жетекшісі қаланың кіре берісі саналатын «Дендро» саябағында болдық. «Жібек жолы» көшесінің бас жағында жекеменшік үйлер көптеп шоғырланған. Жай күйлері әр қалай. Болашақта олардың орнына заманауи көпқабатты тұрғын үйлер салынбақ. Алайда ол болашақтың еншісінде. Аудан ежелгі (1 – 16 ғасырлар) тарихи-мәдени ескерткіштерге бай. Тарихи-археология ескерткіштерге Көкдөнен, Қызылшаруа елді мекендері аумағында орналасқан 1 – 4 ғасырлардың қорғандары, Көгершін және Құлан ауылдарының (Шөңгір шатқалы) тұсында “Қорғандар даласы” деп аталатын үйсіндердің 20-ға жуық ежелгі тұрақты мекендері, Қызылшаруа ауылы маңында сақаласы үйсін дәуірінің қорғандар тобы, Қарақат ауылынан 1 км жерде 7 – 9 ғасырлардағы Төрткүл бекінісі, Ақбұлақ шатқалынан (бұрынғы Луговой жылқы зауыты) 400 м жерде петроглифтер, Қаракемер ауылы жанында 7 – 13 ғасырлардағы Байтымбет елді мекенінің орны бар. Ауданның басқа да елді мекендерінде (Абай, Алғабас, Құрамыс, Ақыртөбе, Жаңатұрмыс, Каменка, Қарақыстақ шатқалы және Мөңке сайы, т.б.) ежелгі қалалар, қорғандар мен бекіністер жұрттары көптеп кездеседі. Жалпы, Тұрар Рұсқылов ауылында 68 ескерткіш, оның 3 тарихи, 7 монументті-архитектуралық және 54 археологиялық ескерткіштер тіркелген. Аудан жерінен Түрксіб, Луговой – Бішкек темір жолы өтеді. Жібек жолы көшесінің бойында алдағы уақытта бұдан басқа да жаңа үйлер тұрғызылмақ. Еліміздің көгінде тәуелсіздік туы желбірегеннен бері өшкеніміз жанды, өлгеніміз қайта тірілді, ата-баба дәстүрі көш түзеді, халқымыз еңсесін тіктеп жарқын болашаққа қол созды. «Отан - оттан да ыстық» деген дана халқымыз, адам баласының жүрегінде ең бірінші, ақ сүт берген туған анасына деген сезім орын алса, екінші, Отанға деген жалынды, ыстық сезім орын алады екен. Мен өз Отанымды, туған жерімді, құдіретті елімді сүйемін және мақтан етемін. Өз елімнің дамуына теңізге тамған тамшыдай болса да үлесімді қосамын деп

ойлаймын. Барша Қазақстандықтарды елімнің мерейлі Наурыз тойымен құттықтай отырып, ашық аспан көгінде қалықтаған қырандай еркіндік пен даму, асқан бақыт және шексіз қуаныш, биік белес пен шығар шың тілеймін.



Алыстан көрініп тұрған білім нәрімен сусындатқан мектебім



Ауылымыз Алатау тауының етегінде орналасқан

№ кассы 160899_12 160899
ПРИХОДНЫЙ КАССОВЫЙ ОРДЕР № 1503438624.0005
! 04 МАРТ 2016 КБе 16 КОД 19
Наименование вносителя Кузенбердиева Райхан Ногаевна
Удост-не личности гражданина РК
выдан 25.12.97 МВД РК 008032946
! БИН/ИНН вносителя 700115402044
Наименование валюты Казахстанский тенге
! Номер счета получателя KZ91856000005068448
Получатель Республиканское Государственное каз
! Сумма 1000
Одна тысяча тенге 00 тинн
! Назначение платежа Перевод без открытия счета
(На счет № KZ91856000005068448) ПЛА
ТА ЗА УЧАСТИЕ В КОНКУРСЕ ВУК Д Е
Код назначения платежа (КНП) 859
Наименование назначения платежа за профессиональные, научные
! вноситель _____

подпись

! Отметки банка

! Штамп (печать)

! Банка

! Контролер _____

подпись

! Кассир _____

подпись



! № кассы 160899_12 160899
 ПРИХОДНЫЙ КАССОВЫЙ ОРДЕР № 1503438624.0005
 ! 04 МАРТ 2016 КВе 16 КОД 19
 Наименование вносителя Кузенбердиева Райхан Ногаевна
 Удосто-ие личности гражданина РК
 выдан 25.12.97 МВД РК 008032946
 ! БИН/ИНН вносителя 700115402044
 Наименование валюты Казахстанский тенге
 ! Номер счета получателя KZ91856000005068448
 Получатель Республиканское Государственное каз
 ! Сумма 500
 Назначение платежа Пятьсот тенге 00 тинн
 Комиссия за перевод. Плател
 ьщик Кузенбердиева Райхан Ногаевна
 а Удосто-ие личности гражданина РК №
 Код назначения платежа (КНП) 859
 Наименование назначения платежа за профессиональные, научные
 вноситель *Кузен*
 подпись

! Отметки банка
 Штамп (печать)
 ! банка

! Контролер
 ! Кассир

подпись *Н*
 подпись *С*
 подпись



? [Тб

! Заявление на перевод (вклада-счета) 04 МАРТ 2016 г.
 ! Отправитель денег: Кузенбердиева Райхан Ногаевна
 ! Адрес отправителя: КАЗАХСТАН, ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ, РАЙОН ТУРАРА РЫ-
 ! СКУЛОВА, КУМАРЖКСКИЙ С.О., С.АЛТАБАС, ИГИСИНОВА, 9
 ! Телефон отправителя: 7263152104
 ! Данные документа, удостоверяющего ли 008032946 25.12.97 МВД РК
 ! ИИН/БИН 700115402044
 ! Прошу перевести с моего счета **НАЛИЧНЫМИ**
 ! Отделение/управление - отправитель 160899
 ! БИК HSBKZZKX
 ! Получатель Республиканское Государственное казенное предприятие "Р
 ! КОД 19
 ! ИИН/БИН 990140004733 КВЕ 16
 ! Данные документа, удостоверяющего личность
 ! На счет KZ91856000005068448
 ! Отделение/управление - получатель
 ! (только для АО "Народный Банк Казахстана") КНП 859
 ! Банк бенефициар АО "Банк ЦентрКредит"
 ! БИК KСJBKZKX
 ! СУММУ 1000 (Одна тысяча) тенге
 ! НАЗНАЧЕНИЕ ПЛАТЕЖА (или наименование товара Перевод без открытия
 ! счета (На счет № KZ91856000005068448) ПЛАТА ЗА УЧАСТИЕ В КОНКУРС!
 ! Я ЕЛД БОЛАШАСТЫЕ КІЛГІМЕН АРАЛАУ ОТ КУЗЕНБЕРДИЕВА
 ! С условиями перевода и Тарифами Банка ознакомлен и согласен.
 ! Разрешаю сбор/обработку Банком моих персональных данных
 ! согласно требованиям Банка и законодательства РК.
 ! 04.03.16 Подпись *✓*

